

## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Биология
<b>Мұғалім</b>	Қабылова Әсел
<b>Мектеп, сынып</b>	Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Октябрь ауылы, Октябрь орта мектебі, 6-сынып
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Прокариоттар. Бактериялардың жалпы сипаттамасы





[www.bilimland.kz](http://www.bilimland.kz)


<b>Мақсаты:</b>	микробиология ғылымының зерттеу саласын мәлімдеу. Микробиология ғылымы пайда болғаннан кейін, бактериялардың пішіні, құрылысы, тіршілік әрекеті толығырақ зерттелгені туралы білім беру. Қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүйеге баулу.
<b>Міндеттері:</b>	<p><b>1. Оқытушылық:</b> оқушыларға жаңа сабақты түсіндіру; бактериялардың жер бетіндегі ең алғашқы тіршілік иелері екені туралы мәлімет беру; бактериялардың құрылысы, көбею, қоректену, таралу ерекшеліктерімен танысу, бактериялардың өсімдіктерден айырмашылығын түсіну, түрлерін білу.</p> <p><b>2. Дамытушылық:</b> оқушылардың өз бетінше іздену іс-әрекетінің әдістерін белгілі бір дәрежеде белсендірілуіне талаптандыру; алған білімдерін іс жүзінде көрсетуге үйрету; білімге құштарлығының дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру, бактериялардың құрылысын талдай отырып, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, алған білімдерін жинақтау, қорытындылау.</p> <p><b>3. Тәрбиелік:</b> қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты сүйеге, біржасушалы ағзалар бактериялардың маңызы туралы түсіндіріп, олар тарататын аурулардың алдын үшін гигиеналық талаптарды орындап, салауатты өмір сүруге баулу.</p>
<b>Құрал - жабдықтар:</b>	интерактивті тақта, микроскоп, микропрепараттар, MindMapping, ActivInspire, Прези.com презентацияларын қолдану.
<b>Пәнаралық байланыс:</b>	өзін-өзі тану, химия, география.
<b>Әдіс тәсілдер:</b>	сын тұрғысынан ойлауға үйрету. Оқытуда АКТ-ны пайдалану. Bilimland сайты қолдану.
<b>Оқытудың түрлері:</b>	жалпылама, жеке, жұптық жұмыс, топтық жұмыс.
<b>Сабақ түрі:</b>	жаңа-зерттеу сабақ.

### Сабақ барысы

<b>I. Ұйымдастыру</b>	Оқушыларға банан мен алманың таңдатып, топтарға бөлу және осы сабаққа бір-біріне тілек айту.
-----------------------	--

кезеңі	
<p><b>II.</b> <b>Оқушылардың білімін тексеру</b> (1-флипчарт, 1-бет)</p>	<p>1) Микроскоппен жұмыс.</p>  <p>3. Бұл ағзалар қай жерлерде таралған? 2. Берілген ағзаны жасушалы ағза деп атауға бола ма? 1. Микроскоп арқылы қараған ағзаны қалай сипаттай аламыз?</p> <p>Миға шабуыл. ActivInspire флипчартын пайдаланамыз: 1. Микроскоп арқылы қараған ағзаны қалай сипаттай аламыз? 2. Берілген ағзаны "жасушалы ағза" деп атауымызға бола ма? 3. Бұл ағзалар қай жерлерде таралған?</p> <p>1) Тапсырма (банан, 1-флипчарт, 2-бет)</p>  <p>Және бананды көбірек сақтаудың қандай жолдарын білесіңдер? Бактериялар жайлы не білеміз, не білуіміз керек? Бананның бүлінген жерін алып тастасақ, ол бактериялардан толық тазарады ма, қалай ойлайсыңдар? Бұл өзгерістерге бактерияның қандай қатысы бар? Суретте қандай құбылысты байқадыңдар? Бананның құрамында адамға қажетті қандай заттар бар?</p> <p>1. Бананның құрамында адамға қажет қандай заттар бар? 2. Суретке мұқият қараңдар, қандай өзгерісті байқадыңдар? 3. Бұл өзгерістерге бактерияның қандай қатысы бар, қалай ойлайсыңдар? 4. Бананның бүлінген жерін алып тастасақ, ол бактериялардан толық тазара ма, қалай ойлайсыңдар? 5. Бактериялар жайлы не білеміз? Бактериялар туралы не білуіміз керек? 6. Бананды көбірек сақтаудың қандай жолдарын білесіңдер?</p>

### III. Жаңа сабақты меңгеру



1. Презентациясы және Bilimland сайты қолдану арқылы сабақ түсіндіріліп оқытылады, оқушылар берілген мәтін бойынша өздігінен жұмыс жасап, сұрақ-жауап арқылы білімдерін тексеріп отырады. Бактериялардың пайда болуы.

2. Жұппен жұмыс жасайды.

а) эукариот және прокариот ағзалар (сурет бойынша жұппен жұмыс, бактерия мен өсімдік жасушасын салыстырады) Ашылу тарихы.

Бактериялардың түрлері.

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>



Бактериялардың қоректенуі

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>


Бактериялардың көбеюі

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>

**IV. Сергіту сәті**  
(2-флипчарт, 1-бет)

1) Логикалық сұрақтар. "Қарапайым ұқсастықтар"

1. Жылқы құлын	Сиыр мүйіз, сүт, бұзау, өгіз, жайылым
2. Құс ұя	Адам адамдар, жұмысшы, жануар, үй, шебер
3. Вирус у	Бактерия кокка, паразит, хлорофилл, жасуша, таяқша
4. Гүл тозаңдану	Бактерия үтір, бөліну, Арктика, асфальт, қорғану
5. Өсімдік ботаника	Бактерия микробиология, цианобактерия, А.Левенгук, нәруыз, шар



2) «Сабынмен қолды тазалау» жаттығуы.

**V. Алған білімді бекіту**

1) Жеке жұмыс.

Bilimland сайтындағы биология курсының бактериялар бөлімі бойынша жаттығуды орындау.

1. Суреттерге сәйкес таңдау тізімінен бактерия шоғырларының түрлерін таңдаңыз.

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>

2. Сол жақтағы ауру тудырушы бактериялардың инфекция тудыратын орындарын оң жақтағы жұқтыру себептерімен сәйкестендіріңіз.


<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>

3. Төмендегі өнімдердің қайсысы бактерияларды пайдалану арқылы алынғанын таңдаңыз

<https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar>

2) Топпен жұмыс (2-флипчарт 2-бет).

MindMapping-ті қолданып сызбаны толтыру, сипаттау.

	<div style="text-align: center;"> <p>ПРОКАРИОТ    БАКТЕРИЯ ДҮНИЕСІ</p> </div> 
<p><b>VI. Сабақты қорытындылау</b></p>	<p>Bilimland сайтының тест сұрақтары.  <a href="https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar">https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/osimdikter-duniesi/bakteriyalar-men-virustar/lesson/bakteriyalar</a></p>
<p><b>VII. Рефлексия</b></p>	<p>Оқушылар қанатты сөздер жазылған қағаздарды таңдау арқылы сабаққа байланысты өз ойларын білдіреді «Ақылыңа азықты көп беруге тырыс». Л.Н. Толстой «Қалай жасау керектігін білсең бәрі де оңай». Шыңғыс хан «Ештеңе туралы сұрамайтын адам ештеңе үйренбейді». Фуллер Тори Эдвин</p>
<p><b>VIII. Бағалау</b></p>	
<p><b>IX. Үйге тапсырма беру</b></p>	<p>Тақырыпты оқу, тақырып соңындағы сұрақтарға жауап беру. Шығармашылық жұмыс: «Ауру туғызатын бактериялар және оның алдын алу» тақырыбына қысқаша хабарлама дайындау.</p>